



## Ұрпақ болашағына салғырт қарамайық

XXI ғасыр – білім мен ғылымның, техниканың қарқынды дамыған кезеңі. Әйткенмен, мұның зиянды жағы да барын жасыруға болмайды. Мәселен, бүгінгі мектеп оқушысы ақпарат көзінің барлық түрін жетік біледі. Компьютер, ғаламтор, ұялы байланыс оқушының кітап оқуға деген құлшынысын төмендетіп отыр. Осындай көптеген мәселелерді шешу мақсатында саяси, әлеуметтік, экономикалық, білім беру және басқа да мемлекеттік реформалар жүзеге асырылуда. Сонымен бірге бүгінде ұрпақтың шығармашылық бөлсенділігін, рухани қажеттілігін толтыру ісі өзекті. Осы орайда ұстаздар, ата-аналар, зиялы қауым, бүкіл қоғам – балалардың бос уақытын тиімді пайдаланып, дұрыс өткізуіне көмектесуіміз керек. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру оңай мәселе емес. Мұның қиындығы балалардың бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерінің сан қилылығына байланысты.

Бүгінде халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлері, өдеп-ғұрыптары көп насихатталмайды. Олардың орнына поп-музыкалық эстрадалық шоулар, қорқынышты және экшн-фильм сюжеттері беріледі. Бұлар жасөспірімдерді зорлық-зомбылыққа ғана тәрбиелейді. Балалардың әлі қалыптаспаған психикасы мұндайларды теріс қабылдайды. Түптеп келгенде, бұлардың барлығы ұлттық ұғымдарымызды халық жадынан өшіруге бағытталған. Сондықтан әрбір ата-ана ұрпағының тәрбиесіне мұқият қарағаны жөн.

Балаларды жастайынан тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерінің бірі – шығармашылыққа баулу. Балаларды адамгершілікке, әдемілікке тәрбиелеуде көркем шығармалардың маңызы зор. Бүлдіршіннің ой-санасын дамытуға, мінез-құлықтарын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Орта және жоғары сынып оқушыларын поэзияға, сиқырлы өлемге жетелеуіміз керек.

Өскелең ұрпақты шетел мәдениетінің өрескел тұстарынан сақтау үшін көптеген мемлекеттік білім беру мекемелері, соның ішінде Білім министрлігі арнайы рухани-адамгершілік

және патриоттық бағдарламалар әзірлеуде. Осыған орай біздің Түркістан облысында да балаларды жан-жақты өтіп тәрбиелеу үшін арнайы мектептер ашып жатыр. Бұларда тоқу, би, хореография, бейнелеу өнері, көркем кесте, модельдеу, фольклор, авиация робототехника және кеме модельдеу, экологиялық, заманауи киімдерді модельдеу студиясы, әдеби клуб, журналистика үйірмесі, әріктілер қозғалысы, халық шығармашылығы мұражайы, компьютерлік технологиялар, әдеби қонақ бөлмесі, тағы басқалары қамтылған. Мұнда балалар өздерінің рухани және зияткерлік мүдделері мен қажеттіліктеріне сүйене отырып, шығармашылық, ғылыми ізденіспен айналыса алады.

Өлең мен әңгіме жазуға бейім балалар әдебиет үйірмесіне, журналистер даярлайтын топқа қатысып, өздеріне ұнайтын істерімен айналысады. Бұл – шығармашылықпен айналысатын балалар үшін өте сәтті мүмкіндік. Олар қалалық, облыстық және республикалық әдеби байқауларға қатысып, түрлі марапаттарға ие болуда. Жақында біздің университетте М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Жырлайды жүрек» атты дәстүрлі байқау өткізілді.

Ақынның өлеңдерін оқуға келген үміткерлер жақсы өнер көрсетті. Тыңдаушылар әдемі дикцияны, актерлік келбетті, жағымды дауыстық тембрі бар оқушыларды көріп, сүйсінді. Ақынның әр өлеңін, әр шумағын ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай өтіп оқи білді. Әр оқушының өлең оқудағы ырғағынан да, тербелісінен де ақынның кимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын тани алдық.

Міне, осындай іс-шаралар жастарды тура жолға бастайды деп ойлаймыз. Алдағы уақыттарда студенттерді жаппай әдеби кітап оқуға ынталандыру мақсатында тың жобалар жасап жатырмыз.

**Қ.СЕРІКБАЕВА,**  
М.Өуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университетінің  
аға оқытушысы.

**Г.ТАНАБАЕВА,**  
«Журналистика және қазақ  
тілі» кафедрасының  
аға оқытушысы, доцент.